

Кокеева Д.М., Мустафаева А.А.

Абай мен Тагор философиясындағы рухани-танымдық ортақ мәселелер

Мақалада Абай мен Тагордың философиялық көзқарастары қарастырылған. Олардың философиялық еңбектерінде негізгі әлеуметтік-философиялық, діни және ағартушылық бағыттар айқындалған. Сондай-ақ, мақалада адам өмірінде негізгі орын алатын іс-әрекеттер мен әлеуметтік құндылықтарға талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Философия, дін, қоғам, рухани үндестік, таным, әдебиет.

Kokeyeva D.M., Mustafayeva A.A.

Spiritual and cognitive consonance in the philosophy of Abay and Tagor

This article explains the problems of the spiritual and cognitive consonance in the philosophy of Abay and Tagor. Also, this discusses the philosophical views of Abay and Tagore. The main socio-philosophical, religious and educational vectors of their works were identified. An analysis of social values that affect decision-making in most types of human works.

Key words: Philosophy, religion, society, spiritual attunement, epistemology, literature.

Кокеева Д.М., Мустафаева А.А.

Духовно-познавательное созвучие в философии Абая и Тагора

В статье рассматриваются философские взгляды Абая и Тагора. Определены основные социально-философские, религиозные и просветительские векторы их творчества. Дан анализ социальным ценностям, которые влияют на принятие решений в большинстве видов человеческой жизнедеятельности.

Ключевые слова: философия, религия, общество, духовное созвучие, гнесология, литература.

**АБАЙ МЕН ТАГОР
ФИЛОСОФИЯСЫН-
ДАҒЫ РУХАНИ-
ТАНЫМДЫҚ ОРТАҚ
МӘСЕЛЕЛЕР**

Мақала 2015-2017 жж арналған «Қазақ-үнді ойшылдар мұрасындағы рухани үндестік» шетелдік ғалымдармен бірлескен қолданбалы ғылыми зерттеу жұмысын қаржыландыру жобасы негізінде дайындалды. Философияның дамуы қоғамдағы саяси-әлеуметтік ахуалға тікелей байланысты болуының себебі ұлттық философиядағы, оған қоса әлемдік философиядағы қоғамдық дамудың салдарынан туындаған ортақ сарындарды, олардың мұраларындағы дүниетанымдар мен көзқарастардың көріністерін зерттейді. Өйткені, жеке ғұлама келгенде, оның шығармашылығына өз дәуірінің әсерін, өзіне дейінгі және басқа да ғылымдармен, философиямен ұқсас болу себептерін ашады. Философияда адам мәселесінің маңыздылығына байланысты бірінші орында философияның гуманистік, яғни адамгершілік қызметі тұрады. Оның мақсаты адамға тән құндылық, оның қабілеттілігі, сезімі мен парасаттылығы үйлесімді дамуы, мәдениеттілікке қатысты мінез-құлықтың жоғары деңгейдегі көрінісі болмақ. Философияның негізгі қызметі – дүниетаным. Дүниетанымның негізі – адам болу. Ал адам болу дегенге келетін болсақ, Әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Мұхтар т.б. сияқты қазақтың ұлы ойшылдары мен Сократ, Конфуций, Тагор, Толстой сынды шетел ғұламаларының философиялық ойларына мән берген дұрыс болады.

Қазақ халқының басқа елдер қатарлы тамыры тереңде, бағзы ғасырлар қойнауында жатқан ұлы Үнді елімен мәдени, философиялық байланысы әркез қарқынды болған. Тарихқа айналып бара жатқан аламан ғасырлар кеңістігінен ондай мысалды көп келтіруге болады. Бастауында ұлы Бабыр ұрпақтары мен Мұхаммед Хайдар Дулати тұрған осынау ізгі дәстүрдің екі ел философиясы, әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз әсер еткенін бүгінгі ойлы, зерделі ұрпақ жақсы біледі.

Осы ғасырлар бойғы байланыстарды қазіргі таңда сақтап қана қоймай, оны ары қарай тереңдете түсу біздің міндетіміз. Бұл мәдениет пен мәдениеттің, әдебиет пен әдебиеттің, философия мен философияның, жалпы барлық ғылыми сала арасын жақындастыру ғана емес, халық пен халық арасына дәнекер болар, маңызы зор, мәні терең байланыс екендігін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан көруімізге болады:

«Жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жана ша серпін берген жөн. Мәдени саясаттың ұзақмерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға, заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керек» деп атап кеткен болатын. Аталмыш жолдау айтулы байланыстың үзіліп қалмай, керісінше қанат жайып, тереңдей түскені бізге үлкен сенім ұялатады.

Абай мен Рабиндранат – ұлттық руханияттың жиынтығы. Нақтылай келсек, жалпы адами руханилықтың жиынтығы. Әрине, бұл қасиет – барлық ұлы ақындарға тән. Даналар барлық ойларын жетік тілмен жеткізе алғандықтан дана атанады. Тагор мен Абай – олардың қоғамдарының дәстүрлі ережелері түбегейлі ауысып жатқан кезеңдерде өмір сүрді. Әрине бұл ортақ жағдай олардың шығармашылықтарында, философиялық көзқарастарында көрініс тапты. Тіпті олардың өмірбаяндарындағы кейбір сәттер параллельді болды. Олардың әрқайсысы өзінің қайталанбас поэзиясының негізін қалады. Соның арқасында екі поэтикалық кемеңгер өмір сүріп туындылар жасаған мәдени-тарихи кезең қайта жаңғырады.

Абай және Тагор – пәлсафалық дүниетанымдағы үндестік мәселесі алдымен осы екі ойшылдар тұлғалардың туылған әулеттерінің өз елдерінде беделді, құрметті болғандарын, мәдени және саяси өмірде белсенді қатысқандарын айта кетсек артық болмасы анық. Бірақ бұл дәрежелерін үстемдік жүргізу үшін емес, ағартушылық мақсатында қолданғандары сөзсіз. Екі ақынның өмірінде әкелерінің орны ерекше. Әкелері өздерінің ұлдарымен тікелей қарым-қатынаста болып, оларға жақсы білім негіздерін, әкелік сезімдерін бергенін аңғару қиынға соқпайды. Екі ойшылдың аналары мен әжелері олардың тұлға болып қалыптасуына көп еңбектерін сіңіргені тарих беттерінен белгілі. Абай мен Тагор өмір сүрген екі ғасыр аралығында, әсіресе, ХХ ғасыр басында Қазақстан Ресей патшалығының қарамағында, Үндістан Ұлыбританияның отарында болғанда қараңғылық қойнауындағы халыққа жарық сәуле түсіріп, олардың оянуына, алға ұмтылуына мүмкіншілік туғызды. Рабиндранат Тагордың саналы өмірінің басы оның туған халқының азаттық үшін күреске оянып, бас көтеруімен тұспа-тұс келді. Үндістанның ұлт-азаттық күресі өзінің мүлде қиын және күрделі жолын бастап жатқанда, Тагордың да жолы соншалықты деңгейде күрделі және шиеленіске толы еді. Бұл тұрғыда оларға рухани алмасу арналары – мәде-

ни қарым-қатынастар мен шығармашылық байланыстар көп септігін тигізді

Ғұламалардың философиясындағы рухани үндестігі қазіргі заманда да өте танымал және философия саласында олардың алатын орны ерекше. Олардың шығармашылығы әлем әдебиеті мен философиясының асыл қазынасына еніп, беделді орында тұр. Ұлы ақындардың шығармашылығы ауқымды көлемде дүниежүзінің әртүрлі тілдеріне аударылып, әлемнің түпкіртүпкірінен табылып жатыр. Абай да Тагор да әлем мәдениетінде ұлы тұлғалар секілді елінің тарихында, әлем тарихында елеулі орын алады. Мәселен, бұл екі ұлы тұлға – ұлт философиясын, мәдениетін, әдебиетін, шынайы өнердің биік тұғырын көтерген адамдар.

Абайтанушы М. Әуезов «Абай біз үшін – тек өткен өмір емес, ол әр уақытпен бірге жасап келеді, ал ондай ақын халқының жүрегінде мәңгі» десе, Джавахарлал Неру «Мен әлемнің түпкіртүпкірінен көптеген әртүрлі ұлы адамдарды кездестіргем. Алайда, жүрегімнің түбінде өмірімде кездестіруге мүмкіндік туған екі ұлы тұлғаны білемін, олар – Ганди мен Тагор екені еш күмән туғызбайтыны айдан анық. Менің ойымша, бұл екі тұлға әлемдегі осы ғасырдың соңғы ширегіндегі ең ұлылары болды. Уақыт өте келе бұл барлығымен мойындалатынына мен кәміл сенімдімін...», – дейді.

Абай мен Тагор болмыс жайындағы киелі ойлары келешек ұрпаққа мұра болды десек жаңылмаймыз. Екі ұлы ойшыл тұлғаның болмыс жайында қарастырған ойларын зерттеу үшін, ең алдымен болмыс дегеніміз не деген сұраққа жауап берсек артық болмас. Онтология грек тілінен аударғанда онтос – болмыс, логос – ілім яғни болмыс туралы ілім болып табылады. Болмыс – тарихи қалыптасқан кең мағыналы, терең ауқымды философиялық ұғым. Әр заманда өмір сүрген ойшылдар бұл ұғымды көбінесе жүйелі философиялық толғаныстардың бастапқы негізі деп қараған. Осы уақытқа дейін де болмыс туралы бұл көзқарас өз мәнін сақтап келеді. Болмыс туралы философиялық мәселені түсіну үшін ең алдымен оның адамзаттың шынайы өмірінде қандай түбегейлі орын алатынын ұғыну қажет.

Адамның дүниеге қатынасының негізінде қандай құндылық жатса да, оның бастамасы – болмыс. Мәнділік жөнінде айтқанда не нәрсенің болса да дүниеде болу жолы немесе тәсілі оның негізін құрайды дегенбіз. Болу жолдары және сан алуан құндылықтар – бәрі де ең алдымен жалпы болуға тиіс. Онда болмыс деген не нәрсе? Бұл сұраққа оның барлық формаларының маз-

мұнын ашу арқылы ғана жауап беруге болады. Болмыстың нақты, жеке формаларының бәріне ортақ жалпы қасиет, ол – болу.

Болмыстың негізгі түрлері: 1) Заттар (денелер), процестер болмысы: а) бірінші табиғат; б) екінші табиғат. 2) Адам болмысы: а) заттар дүниесіндегі адам болмысы; б) адамның өзіндік болмысы. 3) Рухани болмыс: а) жеке адамның рухани болмысы; б) қоғамның рухани болмысы. 4) Әлеуметтік болмыс: а) қоғамдағы және тарих процесіндегі жекелеген адам болмысы; б) қоғам болмысы [1].

Тарихи тұрғыдан келгенде адам қызметінің, өмір тіршілігінің негізі – табиғат заттары мен табиғи процестер. Бірінші табиғат – ол адамзатқа дейін пайда болған, адамдардың санасынан тысқары және тәуелсіз өмір сүреді. Ол теңіздер, мұхит, ормандар, ауа, жер, т.б кейін адам Жер табиғатына қуатты да кең әрекет етуші болып табылады. Бұрын табиғатта өмір сүрмеген, адамдар өндірген заттардың, процестердің, жай күйлердің тұтас дүниесі пайда болды. К. Маркс оны «Екінші табиғат» деп атады. «Екінші табиғатқа» жататындар: үйлер, материалдық заттар, адам ойлап шығарған өсімдіктер және тірі организмдер (табиғатта кездеспейтін). Ол жасанды табиғат. Қазіргі заманда «екінші табиғат», өзі «бірінші табиғаттың» туындысы болса да, басымды болады.

Адам болмысын адамдардың, олардың мекемелерінің, мұраттарының, принциптерінің, теориялары мен идеяларының арақатынасыз елестету мүмкін емес. Табиғат, қоғам, адам және оның ақыл-ойы ұшы-қиырсыз, тоқтаусыз дүниесінде өмір сүреді және бұл оның материалдық бірлігінің алғышарты болып табылады. Бұдан: болмыс материалдық негіздің алғышарты болып табылады және материя мен болмыс ұғымдары толық үйлеседі деген кері түсінік тұмауы керек. Бұл салыстырмалы үйлесім ғана, дүниенің субстанциясы болмыс емес, материя болып табылады: дүниенің бірлігі оның болмысында емес, оның материалдық негізінде; сананы болмыс емес материя оятады. Болмыс категориясының аса маңызды жағы дүниенің өмір сүретіндігін танып білуде, дүниенің біртұтас кейінде болғанын, болып отырғанын және болатынын көрсететіндігінде.

Адам болмысындағы өзара үйлесімділікті реттеуші, Абайша айтқанда ол – жүрек. Он жетінші қара сөзінде әлгіндегі «ыстық қайратты», «жылы жүректі», «нұрлы ақылды» өзара айтыстары келіп, төреші ғылымға мынандай уәжі айтқызады: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің

ісім. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді... Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Осы үшеудің басыңды қос, бәрін жүрекке билет... Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта...»

Абай өзінің Отыз сегізінші қара сөзінде адам болмысы, дүниеге деген көзқарас, дүниетаным, ғылым-білім, дін барлығын қарастырады. Ойшылдың Отыз сегізінші сөзінде былай делінген: «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұғымының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі – махаббат. Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим хәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір бәһра болмайды.

Ұлы тұлға Тагордың рухани болмыс жайында қозғаған философиялық ойлары оның «Гитанджали» шығармасында толығымен көрініс тапқан. Адам мен құдай арасындағы қарым-қатынас, махаббат, сүйіспеншілік, сыйластық пен қорқыныш барлығы суреттелген. Мысалы, Тагордың «Гитанджали» шығармасындағы Елу бірінші өлеңінде:

«The night darkened. Our day's works had been done. We thought that the last guest had arrived for the night and the doors in the village were all shut. Only some said, The king was to come. We laughed and said 'No, it cannot be!'

It seemed there were knocks at the door and we said it was nothing but the wind. We put out the lamps and lay down to sleep. Only some said 'It is

the messenger!' We laughed and said 'No, it must be the wind!'

There came a sound in the dead of the night. We sleepily thought it was the distant thunder. The earth shook, the walls rocked, and it troubled us in our sleep. Only some said, it was the sound of wheels. We said in a drowsy murmur, 'No, it must be the rumbling of clouds!'

The night was still dark when the drum sounded. The voice came 'Wake up! Delay not!' We pressed our hands on our hearts and shuddered with fear. Some said, 'Lo, there is the king's flag!' We stood up on our feet and cried 'There is no time for delay!'

The king has come – but where are lights, where are wreaths? Where is the throne to seat him? Oh, shame, Oh utter shame! Where is the hall, the decorations? Some one has said, 'Vain is this cry! Greet him with empty hands, lead him into thy rooms all bare!'

Open the doors, let the conch-shells be sounded! In the depth of the night has come the king of our dark, dreary house. The thunder roars in the sky. The darkness shudders with lightning. Bring out thy tattered piece of mat and spread it in the courtyard. With the storm has come of sudden our king of the fearful night»[2].

Яғни: «Ночной мрак сгушался. Наша дневная работа кончилась. Мы думали, что уж прибыл последний гость, и все двери в деревне были заперты. Но кто-то сказал:

– Еще прибудет царь. Мы засмеялись и сказали:

– Нет, этого не может быть.

Нам показалось, что кто-то постучал в двери, и мы сказали, что это только ветер. Мы погасили светильник и отошли ко сну. Но кто-то сказал:

– Это вестник.

Мы засмеялись и сказали:

– Нет. Это ветер!

В полночь послышался какой-то звук. Сквозь сон мы подумали, что это отдаленный гром. Земля задрожала, стены затряслись, и мы очнулись. Но кто-то сказал, что это звук колес. Мы прошептали в полусне:

– Нет. Это гул грома.

Было еще темно, когда забил барабан. Раздался глас:

«Вставайте! Не медлите!»

Мы прижали руки к сердцу и дрожали от страха.

Кто-то сказал: – Взгляните – царский стяг!

Мы встали, восклицая:

– Больше нельзя медлить!

Царь прибыл, но где же светильники, где венки? Где седалище для него? О, стыд! О, позор! Где чертог, где украшения?

Кто-то сказал:

– Напрасен вопль! Приветствуйте его с пустыми руками, ведите его в пустые покои!

Откройте двери, пусть звучат рога из раковин! В глухую ночь прибыл царь нашего темного, мрачного жилища! Гром грохочет в небесах! Мрак содрогается от молний! Возьми кусок изорванной циновки и расстели во дворе. С бурей прибыл неожиданно царь страшной ночи» [3]. Осы жолдардан біз ұлы кемеңгердің өзінің шығармасында христиан философиясынан сусындағанын байқай аламыз.

Атақты философ П.В. Копниннің айтуынша: «дүниеге көзқарастың пәні, «адам, оны қоршаған дүние» арасында, адамдар мен табиғат арақатынасындағы жалпы заңдылықты біле отырып, адам мәселесін шешуге болады» – деді [4]. Қандай да бір адам болмасын, әлеуметтік мектептен өткен және бірер деңгейлік білімі бар адамның өмірге, дүниеге, өзінің кім екендігіне дүниетанымдық көзқарасы болады. Дүниетаным қоғамдық мәдениеттің қайнар көзі, оның бастамасы және соңы. Дүниетанымның адам өмір сүру тұрғысына тигізетін мағынасы өте зор. Жеке адамдардың күнделікті өмірлік көзқарастары дүниетанымдық көзқарасқа айналу үшін «адамдандырылған» дүниеден өту керек. Қарапайым көзқарастар адамның эмоциялық, субъективтік тәжірибеден өтіп, берікті сенімге деген тұрақты көзқарасы дүниетанымдық көзқарасына айналды. Осы мәселеге қатысты атақты гуманист А. Швейцердің айтуы бойынша: «Қоғам және жеке адамдар дүниеге көзқарассыз өмір сүрсе, онда олар негізгі өмір сүру бағытынан айрылған, патологиялық аурумен ауырған қоғам болады», – деді [5].

Ұлы ақындарды жақындастыратын – рухани байлығы олардың шындыққа, өмірге деген көзқарастарында бір жерден ұштасып жатыр. Ұлының ұлылығы да сол, біз үңіле бермейтін тылсым дүниенің құпиясын ашып, әсерлі де көркем тілмен адамдарға жеткізе білуінде.

Абай мен Тагор туындылары екі ел мәдениетін тығыз, сыңғырлата байланыстырып, екі жанашыр тұлғаның рухани үндесуіне мол мүмкіншілік берді және екі ел философиясын байыта түсті. Ақындардың өмірлік және әдеби тәжірибелері әлем мәдениетінде ортақ рухани қазына беріп, жаңа философия классиктері сусындайтын із қалдырды.

Әдебиеттер

- 1 Доброхотов А.Л. Категория бытия в классической западноевропейской философии. – М.: Издательство Московского Университета, 1986.
- 2 Герцен А.И. Былое и думы. – М.: Эксмо, 2007. – 160 с.
- 3 Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2010. – 124 бет.
- 4 Edward Craig. Philosophy// Nigel Warburton Philosophy. Basic readings. 2005.
- 5 Швейцер А. Культура и этика. – М., 1973.

References

- 1 Dobrokhotov A.L. Category existence in classical Western philosophy. – M: Publishing house of the Moscow University. – 1986.
- 2 Herzen A.Y. Past and Thoughts. – M.: Eksmo, 2007. – 160 p.
- 3 Abay. Kara sozderi. – Almaty: Oner, 2010. – 124 bet.
- 4 Edward Craig. Philosophy. // Nigel Warburton Philosophy. Basic readings. 2005.
- 5 Schweitzer A. Culture and ethics. – M., 1973.